

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» бағыты бойынша академиялық комитеттің
жоспардан тыс №2.1 мәжілісінің хаттамасы**

Түркістан қаласы

10.01.2023 жыл

Академиялық комитет мәжілісіне қатысқандар:

АК төрағасы, Жедел медициналық жәрдем кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к.
Бабаева К.С.

Академиялық мәселелер вице-ректоры Идрисова Э.К., әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Шахабаев Е.Ш, академиялық департамент директоры Бостанова А.М., медицина факультетінің деканы Молдалиев Ы.С., медицина факультетінің декан орынбасары Мустафаева А.М., стоматология факультетінің деканы Хасан Гундогар, әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі басшысының орынбасары Полатбекова К., әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскерлері Шалтаева М. және Киянбекова А., мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы Мухитдинова С.М.

АК мүшесі, Академиялық персоналдар:

пропедевтика және ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент **Алимбекова Л.Т.**, акушерлік іс және гинекология кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент **Нурхасимова Р.Г.**, педиатрия кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. **Асилбекова Г.Т.**, профилактикалық медицина кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.д. **Куандықова А.К.**, арнайы клиникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент **Нускабаева Г.О.**, жалпы хирургия кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. **Тулержанов Н.К.**, адам морфологиясы және физиологиясы кафедрасының меңгерушісі, PhD **Жунисова М.Б.**, адам патологиясы кафедрасының аға оқытушысы, м.ғ.к. **Татыкаева У.Б.**, профилактикалық медицина кафедрасының аға оқытушысы, PhD **Саржанов Ф.Н.**, терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасының меңгерушісі м.а., аға оқытушысы **Ахтаманов Д.М.**, хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасының меңгерушісі м.а. **Кожамбекова Э.А.**, адам патологиясы кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. **Ходжаев Н.К.**, зертханалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, техн.ғ.к. **Айболова Г.К.**, жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультетінің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары, профилактикалық медицина және стоматология пәндері кафедрасының аға оқытушысы **Тасбулатов Н.К.**, жалпы дәрігерлік практика №1 кафедрасының аға оқытушысы **Туганбаева А.Т.**

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілдері: КДО бас дәрігері **Осман Ажар**, «Ырыс Дент» клиникасының директоры **Шотаев С.Ы.**

АК мүшелері, білімгерлер өкілдері: 8D10111 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» БББ докторанты **Бекарыстанова А.К.**, 7M10131 - «Медицина» БББ магистранты **Баймырза К.**, 6B10156 – «Стоматология» БББ студенті **Жебел А.**, 6B10176 – «Медицина» Жалпы медицина БББ студенті **Исаева Д.**

Қатыспағандар: хирургиялық аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент **Жунусов М.С.**

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әртүрлі мәселелер.

1.1. 7BM101 – Медицина БББ ішкі аудитінің нәтижелерін талқылау.

1.2. 7BM102 – Стоматология БББ ішкі аудитінің нәтижелерін талқылау.


1.1. 7BM101 – Медицина БББ ішкі аудитінің нәтижелерін талқылау.

Жауаптылар: медицина факультетінің деканы, кафедра меңгерушілері, профилактикалық медицина кафедрасының PhD, аға оқытушысы Саржанов.

Бұл мәселе бойынша алдымен медицина факультеті профилактикалық медицина кафедрасының PhD, аға оқытушысы Саржанов Ф.Н. 7BM101 – Медицина білім беру бағдарламасының жобасымен таныстыру баяндамасын жасады.


Саржанов Ф.Н. жаңа үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламасының ерекшеліктеріне және құрылымына тоқталды. Медицина бағдарламасы біріктірілген бағдарлама болып табылады. Білім беру жоспарындағы үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларының мазмұны бакалавриат, интернатура және бейінді магистратураны қамтиды. Жалпы кемінде 360 кредиттен құралған БББда: ЖБП 56 кредит, БП кемінде 95 кредит, БНП кемінде 150 кредит, интернатура 30 кредит, ЭЗЖ 13 кредит және қорытынды аттестаттау 12 кредиттен тұрады. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты: Денсаулық сақтау саласын жақсарту мақсатында ғылыми, этикалық, құқықтық нормаларға сәйкес білікті, медициналық көмекті сауатты жүзеге асыратын; жеке адам мен қоғам денсаулығын қорғауға қабілетті; өмір бойы білім алатын, ғылыми ізденіс тәсілдерін қолданатын; тиімді қарым-қатынас жасай алатын және топ болып жұмыс істей алатын мамандарды дайындау болып табылады. Осыған сәйкес келесі атрибуттар белгіленді: маман/дәрігер, топ мүшесі/серіктес, ғалым, кәсіпқой, коммуникатор, денсаулық қорғаушысы және көшбасшы. Оқытудың нәтижелері кәсіби стандарттар, ҰБШ және МЖББС негізінде дайындалып, жалпы 14 оқыту нәтижесінен тұрады және атрибуттарды толық қамтиды. Ары қарай модульдер, пәндер тізімі кредиттерімен, оқыту және бағалау әдістерімен таныстырды.

Сондай-ақ оқыту процесін ұйымдастыру дұрыс жоспарлау үшін пәндердің үш комитет (Сурет 1) негізінде жинақталуын және кафедраларда пәндерді қайта қарастырылу керектігін түсіндірді.



Сурет 1. Пәндердің жіктелуі.

Жаңа үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламасының ерекшеліктеріне байланысты оқу процесін ұйымдастыруда оқу және бағалау әдістерін 3 кезеңге бөлуді ұсынды (Сурет 2).



Сурет 2. Оқу және бағалау сызбасы.

Сондай-ақ сабақтардың аудиториялық және білім алушылардың аудиториядан тыс сағаттарын келесідей үйлестіру ұсынылды.



Сурет 3. Сабақтардың үйлесімі.

Баяндамадан кейін, Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Қ. Идрисова сөз алып, ұсыныстарды қарастыруды және оқу процесі барысында медицина бағыты семестр, триметр немесе кварталдың біреуін таңдауды ұсынды. Басқа бөлім басшыларыда өз

кезектерінде ұсыныстарын жеткізді. Ф.Н.Саржанов: БББ бойынша ұсыныстарды қайта қарап шығып, оңтайландыру жолдарын қарастырамыз деп сөзін аяқтады.

1.1. ШЕШІМ: 7ВМ101 - Медицина білім беру бағдарламасының жобасы қанағаттанарлық деп танылсын және пәндерді оңтайландыру мәселесі факультет кеңесінде қайта қаралып, Академиялық комитетке ұсынылсын.

1.2. 7ВМ102 – Стоматология БББ ішкі аудитінің нәтижелерін талқылау.
Жауаптылар: медицина факультетінің деканы, кафедра меңгерушілері, факультет деканының орынбасары Татыкаева У.Б.

Екінші мәселе бойынша алдымен стоматология факультеті деканының орынбасары У.Б.Татыкаева 7ВМ102 – Стоматология білім беру бағдарламасының жобасымен таныстыру баяндамасын жасады.

У.Б.Татыкаева жаңа интеграцияланған бағдарламаның ерекшеліктеріне және құрылымына тоқталды. Стоматология бағдарламасы біріктірілген бағдарлама болып табылады. Білім беру жоспарындағы барлық курстарды, соның ішінде клиникалық интернатураны сәтті аяқтаған түлектерге стоматология магистрі дәрежесі беріледі. Жалпы кемінде 300 кредиттен құралған БББда: ЖБП 56 кредит, БП кемінде 65 кредит, БнП кемінде 120 кредит, интернатура 30 кредит, ЭЗЖ 13 кредит және қорытынды аттестаттау 12 кредиттен тұрады. Түлек атрибуттары: дәрігер, ғалым, кәсіпқой, коммуникатор, көшбасшылық және топ мүшесі, денсаулық қорғаушысы. Оқытудың нәтижелері кәсіби стандарттар, ҰБШ және МЖББС негізінде дайындалып, жалпы 14 оқыту нәтижесінен тұрады және атрибуттарды толық қамтиды. Ары қарай модульдер, пәндер тізімі кредиттерімен, оқыту және бағалау әдістерімен таныстырды. Баяндамадан кейін, Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Қ. Идрисова сөз алып, пәндерді ұсақтамай, біріктіру қажеттілігін, бұл өз кезегінде 2,8 қосымшаларға да жеңілдік беретіндігін айтты. Басқа бөлім басшыларыда өз кезектерінде ұсыныстарын жеткізді. У.Б. Татыкаева: БББ пәндері бойынша қайта қарап шығып, оңтайландыру жолдарын қарастырамыз деп сөзін аяқтады.

1.2. ШЕШІМ: 7ВМ102 - Стоматология білім беру бағдарламасының жобасы қанағаттанарлық деп танылсын және пәндерді оңтайландыру мәселесі факультет кеңесінде қайта қаралып, академиялық комитетке ұсынылсын.

Академиялық комитет төрағасы

Академиялық комитет хатшысы




Бабаева К.С.

Ахатаева М.Б.

